

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ФАРМАЦЕВТИКА  
АКАДЕМИЯСЫ

ПЕДИАТРИЯ ЖӘНЕ БАЛАЛАР ХИРУРГИЯСЫ КАФЕДРАСЫ

# презентац

# ия

№3 Тақырып: Тәжірибелік менеджменттің құралдарын бағыттары бойынша бөлу және оны қолдану. Клиникалық басқарудың тиімділігін жоғарылату жағдайлары және емдеу - диагностикалық үрдістің мәселелері.

ОРЫНДАҒАН: СЕРГАЛИЕВА Н

ТОБЫ: 302 “А” МІҚ

ҚАБЫЛДАҒАН:

ПАЗЫЛ А.Б.

## *Жоспар*

*1 Кіріспе*

*2 Негізгі бөлім*

- *Тәжірибелік менеджменттің негізгі бағыттары*
- *Емдеу- диагностикалық үрдіс*
- *Клиникалық басқару*

*III. Қорытынды*

*IV. Пайдаланылған әдебиеттер*

## ***Кіріспе***

Денсаулық сақтаудағы менеджменттің мақсаты – ол жалпылама аурушаңдықты, мүгедектікті және шетінеуді азайтуға бағытталған қоғамдық денсаулықты күшейту болып саналады «Менеджмент» ұғымының анықтамасына сүйенетін болсақ, онда менеджмент дегеніміз қазіргі индустриялық қоғамда жұмыс істейтін экономикалық орган. Менеджмент қабылдаған кез келген әрекет, кез келген шешім – бұл экономикалық сипаттағы шаралар.

Денсаулық сақтаудағы менеджмент – емдік-алдын алу мекемесінде тиімді жұмыс істеуге бағытталған басқару ғылымы. Денсаулық сақтаудағы менеджменттің міндеттері – медицина мекемелерінің ресурстарын утымды пайдалану және медициналық көмек сапасын арттыру арқылы мақсатқа ең тиімді жолмен жету.

- Күнделікті тұрмыста менеджмент сөзі белгілі бір ұйымдағы барлық адамдардың қызметіне басшылық етумен шұғылданып, өз мақсатына жетуді білдіреді. Тіпті білікті басқару саласының өзінде де менеджмент ұғымы түрліше түсіндіріледі.
- Сонымен, менеджменттің бастапқы ұғымы — бұл басшылық.

- Экономикалық бағыттың мәні - өндірісті процесті басқару. Мұндай жағдайдағы менеджер қызметі аз шығындала отырып, материалдық және еңбек ресурстарын координациялау.
- Әлеуметтік – психологиялық бағыт – басқарудың барлық деңгейіндегі менеджерлерді біріктіру.

- Басқарудың төменгі және орта деңгейіндегі менеджерлердің қызмеі және жұмысшылар мен коллектив арасындағы дұрыс өндірістік қатынастар орнатуға бағытталған.

## Менеджментің құқықтық бағыты

Фирманы құру бойынша заңдар, кедендік және салықтық саясат, кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу бойынша заңдарды қамтиды.

Менеджерлердің ұйымдық – техникалық міндеттерді тағайындау, ресурстармен жабдықтау, жұмысшылар еңбегін жетілдіру және т.б. қамтиды.

Халық шаруашылығы дамуының қазіргі кезеңінде басқарудың **экономикалық әдістері** зор маңыз алып отыр. Басқарудың экономикалық әдістерінің мазмұны еңбек және материал шығындарын мейлінше аз жұмсай отырып, мейлінше жақсы өндірістік нәтижелерге жету мақсатында қызметкерлердің экономикалық мүдделеріне нысаналы ықпал етуде болып табылады.



- Өндірістік ұжымдар мен жекелеген қызметкерлерге белгілі бір экономикалық тұтқаларды (өзіндік құн, пайда, баға, жалақы, материалдық көтермелеу қорлары) пайдалану жолымен ықпал ету экономикалық әдістер деп түсініледі.
- Экономикалық әдістер орындаушыларға олардың экономикалық мүдделері арқылы жанама ықпал етудің пайдаланылуын көздейді.

## ***Әлеуметтік-экономикалық жүйеде***

басқарудың әлеуметтік-психологиялық әдістерінің атқаратын роліне баға жеткісіз. Бұл жүйелерде негізгі элемент-адам. Еңбек ұжымын басқаруда басшының жақсы маман екендігі әлеуметтік-психологиялық факторларды пайдалана білуімен анықталады. Еңбек коллективінде әлеуметтік-психологиялық процестер мен құрылымдардың жүйесі қалыптасады, олар еңбек өнімділігін арттырудың, шаруашылық есеп принциптерін нығайтудың, ұжымның қоғамдық өмірін демократиялаудың орасан резерві бар.

Клиникалық менеджмент – медициналық қызметкерлерді медициналық көмек берудің сапасын, көлемін және құрамын басқаруды тиімді етіп шығаруға бағытталған істі басқару жолдары.”  
Клиникалық менеджмент “ термині медицина аясындағы білім саласын, сондай-ақ клиникалық басқару жұмысын атқаратын денсаулық сақтаудаы белгілі бір басшылар санатын аңғартады.

Клиникалық менеджменттің өміршеңдігі қарапайым шындыққа тіреледі, себебі клиникалық тәжірибе күрделі әлеуметтік-технологиялық үдеріс болғандықтан, ол басқаруды қажет етеді.

Клиникалық басқарудың элементтері  
Құрамдық басқару қызметі үш негізгі  
элементтерден тұрады:

- Басқару субъектісінен – бұл себебі  
басқарушылар;
- Басқару нысандары – бұл нені немесе н  
басқаруды білдіреді;
- Басқару технологиясы – бұл субъектілердің  
нысандарға әсер ету жолдары



***Басқарушы субъект*** – бұл үш деңгейден  
тұратын кез келген медициналық нысанның басқару  
жүйесі .

Медициналық мекеменің бас дәрігерін білдіретін  
басқарудың стратегиялық деңгейі қызметіне  
ұйымның ресурстық мүмкіндіктерін есекере отырып  
оның басқарушылық шешімдерін жасау және  
қабылдау жатады.ЕАМ – ның басқару субъектісінің  
стратегиялық міндеттеріне жататындар:



Клиникалық басқару жүйесінің тиімділігі мыналардың орындалуын қамтамасыз етеді:

- Медициналық көмектің сапасын көтеруді
- Клиникалық тәуекелділікті азайтуды ресурстардың ұтымды пайдалануын
- Науқасты әлеуметтік қорғауды
- Медициналық қызметкерлерді әлеуметтік қорғауды

- Жоспарланған көлемде және белгіленген уақытта қойылған мақсатқа жетуді қамтамасыз ету;
- Медициналық мекеменің және бірінші кезекте клиникалық тәжірибе қызметін жетілдіру;
- Тәжірибеге ұйымдастырушылық, экономикалық және медициналық технологияларды жасау және іске ендіру;

- Қызмет аяларына сай клиникалық басқарудың күрделі жүйесін өздері бір- бір жүйе болатын құрамдарға бөлуге болады. Жүйенің бұл бөліктері жүйешелер деп аталады. Мұндай қызметтік жүйешелер клиникалық басқаруда ұйым, қаржы, персонал, маркетинг, инновациялар т.с. болып келеді. Бұлардың әр қайсысына жоспарланған нәтижелерге және өзінің әдістеріне жетуге мақсатты айқындайтын басқару құралдары керек.

Бүгінде клиникалық басқару жүйесінде басты тұлға есебінде бөлім меңгерушісі болып есептелінеді. Құзыры шектеулі болғандықтан ол объективті себептермен клиникалық тәжірибені тиімді басқара алмайды оның билігі өте шектелген ,көпшілік ішінде ол тұрақты кеңесші және психологиялық басшы болып есептелінеді.

ЕАМ- ның әрбәр басшысы алдында шектеулі қаржылық және материалды – техникалық ресурстар жағдайында қалайша медициналық көмек беруді оңтайлы көлемде,құрамда және сапалылықта орындай аламын деген мәселе туындайды.



- Басқару әдістері ұжымдар қызметінің жоғары тиімділігін, олардың ынтымақты жұмысын қамтамасыз етуге тиіс. Мұның өзі басқару әдістерін өндірістік-шаруашылық міндеттерді шешу процесінде қолданылатын басқа да техникалық және технологиялық әдістерден ерекшеленеді.



Емдік – диагностикалық үдерісті негізгі бес топтың қарым -қатнастарын қарауға болады:

- “Емдеуші дәрігер – емделуш”;
- “Емдеуші дәрігер – бөлім меңгерушісі”;
- “Емдеуші дәрігр – ұйым”;
- “Бөлім меңгерушісі – ұйым”;
- “Бас дәрігер – ұйым”;



## *Қорытынды*

Басқару әдістері басқару процесін мүлтіксіз ұйымдастыру, осы замаңғы техниканы пайдалану, еңбек пен өндірісті прогресті жолмен ұйымдастыру үшін жағдайлар жасайды, олардың барынша тиімді болуын қамтамасыз етеді. Сонымен, әдістер-басқару қызметінің мәні және негізгі мазмұны болып табылады, өйткені басқару міндеттері солар арқылы іске асырылады.

## Пайдаланылған әдебиеттер